



# **« Алматы-Тәуелсіздіктің алтын бесігі »**



# ***Мақсаты:***

***Студенттерге Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25, Алматы қаласының 1000 жылдықтарына орай студенттерді ел болашағы үшін еңбек етуге шақыру, патриоттық сезімдерін арттыру, тарихы терең Тәуелсіздіктің мән-маңызын ұғындыру.***



**«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.»**

**Н.Назарбаев**





*"Еліңнің ұлы болсаң,  
еліңе жаның ашыса,  
азаматтық намысың болса,  
қазақтың ұлттық  
жалғыз мемлекетінің  
нығайып-көркеюі жолында  
жан теріңді сығып  
жүріп еңбек ет.*

*Жердің де, елдің иесі өзің  
екеніңді ұмытпа!"*

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың*

*Қазақстан халқына Жолдауы*










SKYVIEW.KZ



**Қазақ халқының ең соңғы өліп тірілуі біздің халқымыздың қайғы қасіретіне, сонымен бірге мақтанышына айналған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Осы оқиғаға қатысты деген жалған жаламен 99 адам жоғарғы оқу орнынан сотталды, 758 адам комсомолдан 52 адам коммунистік партия қатарынан шығарылды, әр түрлі жазалар берілді. Қазіргі күнде 16-17 желтоқсандағы оқиғаға қатысқаны үшін жазаланған азаматтар Президенттің жарлығымен ақталды.**

**Бүгінгі таңның шапағатын, елдің көңіліне күн орнатқан қайсар аға апаларысыз Қайрат, Ляззат, Ербол, Сәбира емес пе Ізгілік атаулыдан күддерін үзбей, бар сенімікүйреген, рухани күйзелген балаң жігіт Қайраттың «Ақтық сөзі» артында қалды.**

**Бүгін қойды сот сұрақ  
Айтайын оны халқымы,  
Жоқ пиғыл менде жасымақ.  
Қорлай да беріп қайтадан,  
Титыққа орыс жетпесін.  
Туған жердің намысы  
Бөтен қолда кетпесін.**







*Ия, Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,  
Айта бергім келеді, айта бергім деп ақын Жұбан Модағалиев  
атамыз жырлағандай, Тәуелсіздігімді жариялағаннан кейінгі аз  
уақытта еліміз көптеген жетістіктерге жетті. Сол  
жетістіктерімізге тоқталып өтсек:*

**1990 ж 25 қазанда** Қазақ КСР інің егемендігі туралы Декларация қабылданды.

**1991ж 29 тамызда** Семей полигоны жабылды

**1991ж 1 желтоқсанда** тұңғыш Президент сайланды. Ал сол жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы заң қабылданды.

**1992ж 2 наурызда** Қазақстан Республикасы Біріккен ұлттар ұйымына мүше болды.

**1992 ж 7 мамырда** Қазақстан Республикасының Қарулы күштері құрылды. Сол жылы 4- маусымда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі мемлекеттік рәміздерді қабылдады.





**1993 жылдың 28 қаңтарында** Жоғары кеңес Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын қабылдады. Қазақ тілі енді ресми түрде мемлекеттік тіл деп саналады. Сол жылы ұлттық валюта енгізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру туралы шешім қабылданды.

**1995 жылдың 30 тамызында** қазіргі қолданыстағы ҚР Конституциясы қабылданды. Ол бойынша республика президенттік басқару түріне көшеді, енді заң шығарушы органды тек мемлекет басшысы ғана тарата алады.

### **1996 жыл**

Қазақстанда ұлттық әуе тасымалдаушы пайда болды. «Эйр Қазақстан» компаниясына азаматтық авиацияны тұрақтандырып, жаңадан ұшақтар алынып, ішкі және халықаралық бағыттарға әуе қатынастары көбейтеді деген үміт артылды.

**1997 жылдың 10** ҚР Президенті Н. Назарбаев «Қазақстан — 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Жолдауын жариялады.

**1998 жылдың 1 қаңтарынан** бастап зейнетақы реформасы басталды. Мемлекет зейнетке шығу жасын да ұлғайтты. Егер посткеңестік Қазақстанда әйелдер мен ер адамдар зейнеткерлікке тиісінше 55 және 60 жаста шығып келген болса, енді олар 58 және 63 жаста шығатын болып белгіленді.

**2000 жылдың 10 қазанында** Астанада халықаралық экономикалық ұйым ретінде Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің басшылары қол қойған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құрылды. Қауымдастықты құру туралы келісімге Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Беларусь, Тәжікстан қол қойды. Кейіннен қауымдастық Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына байланысты алынып тасталды.

**2001 жыл**

Еліміз Тәуелсіздіктің 10 жылдығын атап өтті. Сол жылы Рим папасы Иоанн Павел II Астанаға келді.

**2002** еуро айналымға енгізілді. Осы жылдың қаңтар айында «Қазкоммерцбанк», «БанкТұранАлем» және «Халық банк» 30 млн еуроны аалып келді. Бұл кезде еуро құны Ұлттық банк есебіне сәйкес 150,97 теңгеге, ал доллар 154,10 теңгеге тең болды.





**2003 жылы 10 мың** теңгелік номиналды банкнот айналымға енгізіліп, Қазақстандағы ең ірі купюра болды.

**2004 жылдың 28 мамырында** Шығыс Қазақстан облысында Перизат Ускембаева есімді Қазақстанның 15 миллионыншы тұрғыны дүниеге келді. Ал оның егізі қазақ санының 16 миллион есебін ашты.

**2005 жылдың 4 желтоқсанында** кезекті Президент сайлауы өтті. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 91,15% дауыспен үшінші мәрте Мелмекет басшысы болды.

**2006 жыл**

Осы жылы теңгенің жаңа үлгілері айналымға шығарылды және «Самұрық» мемлекеттік қоры құрылды. Кейін «Қазына» қорымен бірігіп, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ болды.



*Ел тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы баршаңызға құтты болсы!  
Бабалардың арманы, аналардың тілегі брoған бақыт – тәуелсіздік  
жирмасыншы ғасырдың аяқталар тұсында біздің маңдайымызға  
дарып, алақанымызға қонды! Азаттық деген сонау қасиетті ұғымды  
жақындату үшін талай ерлердің жаны қиылды!*

*Мемлекеттік тәуелсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің және  
қазақстандықтардың рухани әл-ауқатының, өз күшіне, еркіне,  
қуатына сеніп, бар мақсаттарын жүзеге асыруының, Қазақстандағы  
ұлттық келісім мен тыныштықтың кепілі. Мемлекетіміздің өсіп-  
өніп, шыңға жетіп өркендеуі –біздің жетістігіміз, халайық,  
сондықтан оны сақтап, дамыту, келесі ұрпаққа аманат ету біздің  
парызымыз! Осыны ұмытпайық!*



**БІЗДІҢ БҰЛ ДҮНИЕДЕ  
БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР,  
ОЛ ТӘУЕЛСІЗ -  
ҚАЗАҚСТАН!**